

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



# МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

1. Психологиядағы қиял туралы түсінік және оның ұғымы

1.1. Қиял түрлері және олардың психологиядағы қолданысы

1.2. Психология ғылымындағы қиял бейнелерінің жасалу жолдары

2. Психотерапияда қиялды пайдаланудың жолдары

2.1. Қиялдағы дара айырмашылықтар

2.2. Қиялды дамыту жолдары

Қорытынды


Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

**Қиял дегеніміз**—сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс: «...барлық жан қуаттарын (рухани күштерді) тек қиял ғана өзіндік сақталатын сөзімдік заттарды модельдендіре алады» (әл-Фараби). Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға туседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады.

Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жататын процесс. Мәселен, алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес.

Қиял процесінің адам әрекетінің қандай саласында болмасын зор маңызы бар. Қиялдың өзі осы әрекет арқылы өзгеріп, дамып отырады. Тіпті бала қиялындағы фантастикалық образдардың өзі де оның танымын кеңейтетіндігі, қоғамдық тәжірибені меңгеруге жағдай жасайтыны, мұның өзі баланың психологиясына қатты әсер ететіні байқалады.

Қиял



АКТИВ



Пассив



Әр адамның қиялы әр түрлі болады, бірінің қиялы біріне ұқсамайды. Бір адамдардың қиялы бай, шындықпен орайласып жататын болса, екінші біреулердің қиялы жөнді жетілмеген, пәрменсіз, тар көлемді болады. Шындыққа сай, дәл, дұрыс образдар жасай алатын адамдардың қиялы мазмұнды келеді. Шындыққа сай дұрыс қиялдай білетін адамдарда өмірдің түрлі салаларынан алынған білім қоры, тәжірибесі, белгілі көзқарасы, соның негізінде қалыптасқан айқын сенімі болады.

Қиялдың алғашқы көріністері үш жасар бөбектерде байқалады. Мұны бөбектердің қызық ертеңдерді шын ықыласымен тыңдауынан, ертегідегі оқиғаны шын көріп, бар ынтасымен берілуінен көреміз. Бір қарағанға жас бала қиялға өте бай сияқты болып көрінгенмен, ондағы образдар шындықтан өте алыс жатады. Себебі бала санасында кез-келген нәрсенің бейнесі оңай тоғысады да, бұдан керемет қиял көріністері құралады. Баланың өмір тәжірибесі өсе келе, қиялы да шындыққа біртабан жақындап отырады. Мәселен, бала шимайлап қағазға бір нәрсенің суретін салады, оны шындықта бар нәрсеге ұқсайды деп ойлайды (тіпті ол ұқсамайтын болса да).



Қорытындылай айтқанда, қиял адам өмірінде маңызды орын алады.

Қиял –адамға ғана меншікті психикалық процесс. Бұл адамның еңбек әрекетімен байланысты дамыған психикалық функция. Қиялдау үшін адамның белгілі білім қоры, нақты образдар, тұрақты елестер болады. Адам әрекетінің барлық түріне қиял қатынасады. Қиялды баланың ойынан да, оқу процесінен де, еңбек әрекетінен де тауып алуға болады. Қиял-аса бағалы қасиет. Қиялдың эмоциялық күші тіпті үлкен. Көптеген қолы жетпей жүрген мақсатына ойымен қиялдап та адам мәз болады. Шаршап, шалдыққан жолаушы ауылын қиялымен елестеткенде, оған күш бітіп шырай түседі.



Назарларыңызға  
Рақмет!